

ҚАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫ

ПӘН: ФИЛОСОФИЯ

№8 тақырып
НЕМІС
КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ
(2 сағат)

Орындаған: ЖГДФ ассоц. профессоры
Ақбаева Л.Н.

Алматы 2015

ДӘРІС ЖОСПАРЫ

1-сағат

- 1. XIX ғ. неміс классикалық философиясының ерекшелігі.**
- 2. И. Канттың философиялық жүйесі.**

2-сағат

- 3. Г. Гегель философиясы. диалектикалық әдіс пен идеалистік құрылым.**
- 4. И. Фихтенің «Ғылыми ілімі».**
- 5. Ф. Шеллингтің табиғат философиясы.**
- 6. Л. Фейербахтың антропологиялық материализмі.**

СӨЖ бен **СОӨЖ-ге** тапсырма (түпнұсқалар).
Ұсынылатын әдебиет.

1. XIX Ғ. НЕМІС КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Германияда **неміс философиясы** деп аталатын ұлттық философиялық жүйесі пайда болды.

Оның негізін **бес** белгілі **неміс философтарының** шығармашылығы құрады. Олар:


1. ИММАНУИЛ КАНТ (1724-1804);
2. ГЕОРГ ГЕГЕЛЬ (1770 -1831);
3. ИОГАНН ФИХТЕ (1762-1814);
4. ФРИДРИХ ШЕЛЛИНГ (1775-1854);
5. ЛЮДВИГ ФЕЙЕРБАХ (1804-1872).

Неміс классикалық философиясында **үш философиялық бағыт** көрініс тапты:

- **ОБЪЕКТИВТІК ИДЕАЛИЗМ** (Кант, Шеллинг, Гегель);
- **СУБЪЕКТИВТІК ИДЕАЛИЗМ** (Фихте);
- **АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМ** (Фейербах).



И.Кант



Г.Гегель



И.Фихте



Ф.Шеллинг



Л.Фейербах

1. XIX Ғ. НЕМІС КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

НЕМІС КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ:

1. Философияны дәстүрлі мәселелерден (болмыс, сана, таным және т.б.) адамның мәнін зерттеуге бұрды.

2. Даму немесе диалектика мәселелерін дамытты.

3. Философияның логико-теоретикалық аппараттын дамытты.

4. Тарихты бүтіндік процесс ретінде қарастыру.

Неміс классикалық философиясының негізін салушы -

- ИММАНУИЛ КАНТ** болды.
1. Кант адамның таным мүмкіндіктерінің шектеулі екендігі туралы, заттардың ішкі мәнін және қоршаған ортадағы құбылыстарды немесе «өзіндік заттарды» түсінуге мүмкін еместігін түсіндірді.
2. Категориялар немесе философияның басты ұғымдары туралы ілімді дамытты.
3. Моральдық заң – «КАТЕГОРИЯЛЫҚ ИМПЕРАТИВТІ» қалыптастырды.

1. XIX ғ. НЕМІС КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі – **ГЕОРГ ГЕГЕЛЬ** болды.

1. Гегель **Абсолюттік идея** туралы ілімді дамытты, оның санадан тыс, барлық материалдық әлемнің бастамасы екендігін көрсетті.
2. Гегель **диалектика** туралы ілімді теориялық тұрғыда дамытты. Диалектиканы **универсалдық даму теориясы** деп, оның **үш заңын** қалыптастырды.

Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі – **ИОГАНН ФИХТЕ** болды.

Фихте **СУБЪЕКТИВТІК ИДЕАЛИЗМ** бағытын дамытты, оған сәйкес дүниедегі

тек қана адам мен оның санасы ғана нақты өмір сүреді.

Бұл көзқарас **«МЕН – ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ»** деп аталады.

•Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі – **ФРИДРИХ ШЕЛЛИНГ** болды.

Табиғатты объективтік идеализм тұрғысынан қарастырып, адам бостандығы мен құқықтық жүйенің негізі табиғатта деген идеяны айтты.

1. XIX Ғ. НЕМІС КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі – **ЛЮДВИГ ФЕЙЕРБАХ** болды.

Фейербах **АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМНІҢ** жүйесін қалыптастырды.

Толық **атеист** ретінде **Құдайдың жоқ** екендігің және оны адамдардың ойдан шығарғанын, халықтың арман-тілектерінің орындалмағанын Құдайдың кесірі деуінің себебі екендігін көрсетті.

2. И. КАНТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

- Неміс классикалық философиясының іргетасы **ИММАНУИЛ КАНТ** (1724-1804 жж.) еңбектерінде қаланды. Ол **неміс классикалық идеализмнің** негізін қалаушы және **классикалық объективтік идеализмнің** өкілі.

И. Канттың шығармашылық қызметі **«сынға дейінгі»** және **«сыншыл»** деп екі кезеңге бөлінеді.

«Сынға дейінгі» кезеңде ол жаратылыстану ғылымдарымен айналысып, математика, физика, география, астрономия ғылымдары салаларына айтарлықтай үлес қосты.

Кант өзінің шығармашылығының **«сыншыл»** кезеңінде **ақыл ойдың іс-әрекеттігі** туралы, **таным, логика, этика, әлеуметтік философия** мәселелерін қарастырды.

«Сыншыл» кезең өзінің атауын үш фундаменталды еңбектермен байланыстырды:

«Таза парасат сыны», «Практикалық парасат сыны», «Пайымдау қабілетінің сыны».

Канттың **«Таза парасат сыны»** еңбегінде таным теориясы, логика және диалектика қарастырылса, **«Практикалық парасат сыны»** еңбегінде мораль, адамгершілік мәселелері көтеріледі.

Кант **«Таза парасатқа сын»** еңбегінде таным үдерісіне ерекше көңіл бөліп, оның қайшылықтарын ашып, адамның **таным қабілетін үшке бөлді: сезімдік, пайымдаушылық, парасаттылық.** Философия тарихында таным үдерісін бұлай бөлу Н. Кузанский философиясында орын алғаны белгілі. Бірақ, Кант өзіне дейін таным үдерісінде орын алып келген эмпиризм мен рационализмнің тар өрістілігінен шығуға тырысты.

ИММАНУИЛ КАНТ



И.КАНТ ЗА ЧТЕНИЕМ ЛЕКЦИИ



ПАМЯТНИК И.КАНТУ В КАЛИНИНГРАДЕ



2. И. КАНТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

И.Канттың басты идеясы — АГНОСТИЦИЗМ немесе адамның қоршаған ортаны тануының мүмкін еместігі («Тазар ақылға сын»);

Адамның қоршаған ортаны тануының мүмкін еместігінің себебі — адам санасының **таным мүмкіндіктерінің шектеулілігі**;

Парасаттың адам, әлем және құдай мәселелерін тануда шешілмейтін қайшылықтарға немесе **«ПАРАСАТТЫҢ АНТИНОМИЯЛАРЫНА»** кездеседі.

Парасаттың бірнеше АНТИНОМИЯСЫ бар.

БІРІНШІ АНТИНОМИЯ – «Кеңістіктің шектеулілігі».

«Дүние уақыт пен кеңістік жағынан шексіз және шетсіз. Дүние уақыт пен кеңістік жағынан шектеулі, шекті». Бұл антиномияның мәні – бүкіл әлемді білу және оны тану мүмкін емес. Сондықтан парасат өзінің әлемді тануға ұмтылысында дәрменсіз.

ЕКІНШІ АНТИНОМИЯ – «Қарапайым мен күрделі элементтер».

Тек қана қарапайым элементтер және олардыан тұратын нәрселер ғана өмір сүреді. Дүниеде ешқандай қарапайым элементтер жоқ, бәрі күрделі».

ҮШІНШІ АНТИНОМИЯ – бостандық пен себептілік.

«Табиғат заңына бағынатын себептілікпен қатар бостандық та бар. Бостандық жоқ».

ТӨРТІНШІ АНТИНОМИЯ – «Құдайдың бар немесе жоқтығы».

«Құдай бар, өйткені ол барлық нәрсенің пайда болу себебі. Құдай жоқ».

2. И. КАНТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

И.Кант бойынша білімнің үш түрі бар («Таза ақылға сын»):

1. АПОСТЕРИОРЛЫҚ БІЛІМ;

2. АПРИОРЛЫҚ БІЛІМ;

3. «ӨЗІНДІК ЗАТ».

- 1. АПОСТЕРИОРЛЫҚ БІЛІМ** (*a' posteriori* (тәжірибеден кейін)) — тәжірибенің нәтижесінде пайда болған білім. Ол тек қана гипотеза ретінде өмір сүреді және практикада тексерілуі тиіс.
- 2. АПРИОРЛЫҚ БІЛІМ** (*a' priori* (тәжірибеге дейінгі)) — тәжірибеден тыс пайда болатын ұғым, ой, идея, ол адам ақылында туа пайда болады және ешқандай тәжірибелік дәлелдеуді қажет етпейді.
- 3. «ӨЗІНДІК ЗАТ»** — «дүниедегі заттарды толық тануға болмайды» деген агностиктік бағыт. Ол танып-білуге болмайтын **«өзіндік заттар»** бар, олар объективті, біздің санамыздан тыс өмір сүреді дейді.

2. И. КАНТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Кант адам санасының (таза сана) жүйесін қалыптастырды.

И.Кант бойынша ол мыналардан тұрады:

1. СЕЗІМ ФОРМАЛАРЫ;
2. ПАЙЫМДАУ ФОРМАЛАРЫ;
3. АҚЫЛ-ОЙ ФОРМАЛАРЫ.

1. СЕЗІМ ФОРМАЛАРЫ — сананың бірінші деңгейі. Сезімнің формаларына **кеңістік пен уақыт** жатады. Сыртқы дүниенің сезім мүшелеріне өз әсерін тигізетініне байланысты оларда көптеген **түйсіктік** деректер жинақталды.

2. ПАЙЫМДАУ — сананың келесі деңгейі. Оның формаларына **категориялар** жатады. Олар алғашқы түйсіктерді жүйелеп оларға мән береді. (Мысалы: **сан, сапа, мүмкіндік, мүмкінсіздік, қажеттілік** және т. с.с.)

3. АҚЫЛ-ОЙ — сананың ең жоғарғы деңгейі. Оның формаларына **аяқталған жоғары идеялар** жатады. Мысалы: Құдай идеясы; жан идеясы; әлем мәнінің идеясы және т.б.

«Таза парасатқа сынның» негізгі бөлігі **«ТРАНСЦЕНДЕНТАЛЬДІ ЛОГИКА»** категорияларының пайда болуын қарастырады (*латынша трансцендентальді – аттап өту деген сөз.*

Бұл философияда білім, сана, ұғым, идея тәжірибе арқылы пайда болмайды, одан тыс қалыптасады, ал тәжірибенің білімдер жиынтығынан пайда болатынын көрсететін ілім). Трансцендентальді логика **«Таза жаратылыстану қалай пайда болады?»** және **«Метафизика қалай болуы мүмкін?»** деген сұрақтарға жауап береді.

2. И. КАНТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Аристотель логика категорияларын бірнеше топқа бөліп, анықтамаларын берумен шектелсе,

И.Кант КАТЕГОРИЯЛАР жүйесін (система) жасауға ұмтылды.

Ол категориялар арасындағы терең байланыстарды анықтап, бірінен бірінің туындайтынын дәлелдейді.

И.Кант 12 категорияны қалыптастырып, оларды 4 класқа бөледі –

1. САН; 2. САПА; 3. ҚАТЫНАС; 4. МОДАЛЬДЫЛЫҚ

әр класс үш категориядан тұрады:

.САНДЫҚ — бірлік, бүтіндік, көптік;

.САПАЛЫҚ — реалдылық, терістеу, шектеу;

3. ҚАТЫНАСТЫҚ — субстанционалдылық (бастамалық мәннің болуы)

пен **акциденция** (дербестік); **себеп** пен **салдар; әрекеттестік;**

4. МОДАЛЬДЫЛЫҚ — мүмкіндік пен **мүмкінсіздік, тіршілік ету** мен **тіршілік етпеу, қажеттілік** пен **кездейсоқтық.**

Категориялардың көмегімен пайым өзінің іс-әрекетін жүзеге асырады: алдымен алғашқы түйсіктерді жүйелейді, содан кейін ақыл-ой өз жұмысын атқарады.

2. И. КАНТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

И.Кант этикалық «КАТЕГОРИЯЛЫҚ ИМПЕРАТИВ» ұғымын енгізді.

Оған сәйкес адамның мінез–құлқы қатаң мораль заңдарына бағынуы керек, адам өзін қадағалау керек екендігін көрсетеді.

“Өзіңдегі де, басқалардағы да ақылды және еркін жігерді мақсатқа жету құралы емес, ол мақсаттың өзі деп таны”.

Немесе:

1. ”Сенің ісің, тәртібің жалпы заң болсын”,

“Сенің жігерінді билеуші ереже дүниежүзілік заңдылық негізіне айналатындай болып қызмет ет”.

2. “Адамды құрал ретінде емес, мақсат ретінде қарастыру қажет”.

3. Г. ГЕГЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ

• **ГЕОРГ ГЕГЕЛЬ** (1770-1831 жж.) шығармашылығы неміс классикалық философиясының шарықтау шыңы, неміс классикалық объективтік идеализмнің өкілі деп есептеледі.

Г. Гегельдың басты философиялық еңбектері:

1. «**РУХ ФЕНОМЕНОЛОГИЯСЫ**»;
2. «**ЛОГИКА ҒЫЛЫМЫ**»;
3. «**ҚҰҚЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ**».


Гегель **онтологиясының** (болмыс туралы ілім) басты мәселесі – **БОЛМЫС ПЕН ОЙЛАУДЫ ТЕҢДЕСТІРУ.**

Осының нәтижесінде ол **АБСОЛЮТТІК ИДЕЯ** деген философиялық ұғымды ойлап шығарады. Оны абсолюттік білім деп түсінді.

АБСОЛЮТТІК ИДЕЯ – дегеніміз, ол:

1. Жалғыз ғана өмір сүретін **нақты реалдылық**;
2. Дүниедегі **барлық заттар** мен құбылыстардың **бастамасы**;
3. Сана-сезімі мен жаратушылық қасиеттері бар **ДҮНИЕЖҮЗІЛІК РУХ.**

ГЕОРГ ГЕГЕЛЬ



3. Г. ГЕГЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ

Г. Гегельдың философиялық жүйесі үш бөлімнен тұрады:

1) ЛОГИКА; 2) ТАБИҒАТ ФИЛОСОФИЯСЫ; 3) РУХ ФИЛОСОФИЯСЫ.

Осылай деп бөліну **АБСОЛЮТТІК ИДЕЯНЫҢ** логикалық, табиғат және рух кезеңдерінен өтуі. Сондықтан Гегель осы кезеңдер арқылы **ЛОГИКА ҒЫЛЫМЫНА, жаратылыстану салаларына, қоғамдық ғылымдарға** жан-жақты талдау жасады.

Гегель «Логика ғылымы» еңбегінде **логиканы** үшке бөледі:

1) болмыс туралы ілім; 2) мән туралы ілім; 3) ұғым туралы ілім.

Ескі формальды логикаға қарама-қарсы, өйткені ол – заттың, үдерістің ішкі мәнін ашып беретін ғылым. Ал ескі формальды логика ойлаудың сыртқы жағына, түріне ғана көңіл бөлді. Жаңа логика таным үдерісінің мәнін аша отырып, оны ғылым ретінде қарастырады. Гегель ойлау үдерісі адамның таным қызметімен, өмірдің практикалық саласымен тығыз байланысты екенін айқындағанымен, мұндай маңызды мәселе идеалистік негізде қарастырылған болатын.

• **Абсолюттік идея** дамуының **екінші сатысы** деп Г.Гегель **табиғатты** айтады.

Гегель **табиғаттың** көріністері ретінде үш бөлімді көрсетеді:

1) механиканы; 2) физиканы; 3) органикалық физиканы.

• **Табиғат – абсолюттік идеяның туындысы**, оның басқаша, өзгеше өмір сүруі. Рух туындысы болатын табиғат одан тәуелсіз өмір сүре алмайды. Табиғат Гегельді өзіндік ерекшелігімен емес, абсолюттік идеяның даму сатысы ретінде ғана қызықтырады.

1. ЛОГИКА ҒЫЛЫМЫ

Болмыс туралы
ілім

Мән туралы ілім

Ұғым туралы
ілім

2. ТАБИҒАТ ФИЛОСОФИЯСЫ

Механика

Физика

Органикалық
физика

3. РУХ ФИЛОСОФИЯСЫ

Субъективтік
рух

Объективтік
рух

Абсолюттік
рух

3. Г. ГЕГЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ

Гегель философиясының үшінші сатысы – алдыңғы екеуінің синтезі есебіндегі **рух философиясы**. Мұнда абсолюттік идея оянып, сергігендей болып, табиғат бұғауынан босанып, өз көрінісін абсолюттік рухтан табады. Адам – табиғаттың бөлшегі, ал адам рухы – табиғаттың емес, абсолютті рухтың жемісі.

Рухтың өздігінен дамуы **үш түрлі бағытта** жүреді.

Біріншісі – **«Субъективтік рух»** – адамның өзіндік санасы, ол өз жағынан үшке: **антропологияға, феноменологияға, психологияға** бөлінеді.

Екіншісі – **«Объективтік рух»** – адамзат қоғамы. Оның басты түрлері: **құқық, өнегелілік, азаматтық қоғам, мемлекет.**

Үшіншісі – **«Абсолюттік рух»** – рухтың ең жоғарғы көрінісі, мәңгілік ақиқат. Ол **өнер, дін, философиядан** тұрады.

Философия — ең жоғарғы білім, абсолюттік идеяның соңы мен бастамасының қосындысы немесе **«Дүниенің оймен көркемделуі» («Мир, схваченный мыслью»).**

Философия пәні мыналарды қамтуы қажет:

1. Табиғат философиясын;
2. Антропологияны;
3. Психологияны;
4. Логиканы;
5. Мемлекет философиясын;
6. Азаматтық қоғам философиясын;
7. Құқық философиясын;
9. Тарих философиясын;
9. Диалектиканы.

3. Г. ГЕГЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Г.Гегельдің тағы бір онтологиялық ұғымы – **ЖАТСЫНУ**.
 - Абсолюттік рух мына нәрселерден **жатсынады**:
 - 1. қоршаған дүниеден; 2. табиғаттан; 3. адамнан.

Г.Гегель **ДИАЛЕКТИКАҒА** классикалық анықтама берді.

Г.Гегель бойынша диалектика процесі **триада** бойынша дамиды:

«**ТЕЗИС** (бекіту) – **АНТИТЕЗИС** (терістеу) – **СИНТЕЗ** (қарама-қайшылықтарды жою)».

Гегель **диалектикалық логика категорияларының, принциптерінің, үш заңдарының** жүйесін алғаш болып негіздеген. Олар:

1. «**САННЫҢ САПАҒА АЙНАЛУЫ**»,
2. «**ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТАРДЫҢ БІРЛІГІ ЖӘНЕ КҮРЕСІ**»,
3. «**ТЕРІСТЕУДІ ТЕРІСТЕУ**».

Гегель **абсолюттік рухтың** тарихи дамуында үш саты болды дейді:

ШЫҒЫСТЫҚ, ГРЕК-РИМДІК және **ГЕРМАНДЫҚ**.

Шығыста (Ежелгі Египет, Қытай және т.б.) тек бір адам ғана еркін дамиды,

Грек-рим дүниесінде кейбіреулер ғана еркін дамиды,

Герман дүниесінде барлық адамдар еркін дамиды, – деді.

Осыған байланысты Г.Гегельдің айтқан әйгілі сөзі:

«**ФИЛОСОФИЯ ШЫҒЫСТА ПАЙДА БОЛЫП, БАТЫСТА АЯҚТАЛАДЫ**».

3. И. ФИХТЕНІҢ «ҒЫЛЫМИ ІЛІМІ»

- **ИОГАН ФИХТЕ** (1762-1814 жж.) – классикалық **субъективтік идеализмнің** көрнекті өкілі. Әйгілі еңбегі – **«Ғылыми ілім»**.

И.ФИХТЕ философиясының басты мәселесі – **«МЕН» - ТҰЖЫРЫМДАСЫ**.

Ол Канттың трансцендентальді апперцепциясына сүйене отырып, **сана-сезім** маңызын жоғары бағалайды. Оның ойынша, сана-сезім объективті дүниенің заңдарына бағынбай, одан тәуелсіз өмір сүріп, ойлаудың ең жоғарғы сатысы – **абсолюттік «Менге»** жетеді. Фихте философиясы осы **абсолюттік «Меннің»** әр түрлі жағдайдағы дамуының диалектикалық жолдарымен байланысты. Бұл абсолюттік сана-сезімге тән өзіндік танымды, дамуды, ойлауды ашып береді. Демек, даму дегеніміз сырттан келген әсерден туындайтын күш емес, ішкі күш. Адам мен қоғам – ең алдымен ішкі дамудың, өзіндік дамудың нәтижесі, іске асуы.

- Фихте философиясының тағы бір принципі – **абсолюттік «Мен» «Мен еместі» тудырып, соған тең болады** деген пікір. Демек, Фихте субъектінің шығармашылық белсенділігін бағалаған Канттың ойын дамытушы ғана емес, сонымен қатар, объекті мен субъектінің байланысын ашуға да ұмтылушы. Фихте, бұл жерде, философияның дүниені идеалистік негізде танып қана қоймай, оны өзгертетініне, шығармашылықпен қайта жарататынына меңзеп отыр.
- Абсолюттік «Меннің» одан ары дамуы теориялық және практикалық болып **бөлінген** таным үдерістерінің өзара байланысты болатынын айқындайды. Таным теориясы адамның практикалық қызметі деген қорытындысының үлкен мәні бар болғанымен, ол практикалық қызметті тек идеалдық жағынан ғана түсіндіріп, оның материалдық негізін аша алмады.

ИОГАНН ГОТЛИБ ФИХТЕ



3. И. ФИХТЕНІҢ «ҒЫЛЫМИ ІЛІМІ»

• «Ғылыми ілім» еңбегінде Фихте таным теориясына ерекше көңіл бөліп, оны ғылыммен байланыстырып, **қисындық негізін** ашуға тырысты. Оның ойынша, таным теориясында философия өзінің қарастыратын объектісі ретінде айнала қоршаған дүниені емес, ғылыми білімдер жүйесін қарастырады. Демек, **таным теориясы** өзінің ішкі заңдары мен принциптері арқылы объективті шындықты тікелей емес, **логикалық ойлау үдерісі** арқылы зерттейді.

Қорыта айтқанда **И. ФИХТЕ:**

- **1. «ӨЗІНДІК ЗАТ»** идеясын терістейді;
- **2. Жалғыз реалдылық** ретінде – **СУБЪЕКТИВТІК «МЕН-ді»** ғана мойындайды;
- Онда **болмыс пен ойлау бірігіп**, субъекттің объектінің ішінде өмір сүретінін көрсетеді.
- 3. Қоршаған ортаның өмірі тек қана СУБЪЕКТИВТІК «МЕН-НІҢ» ІШІНДЕ** ғана болғанын мойындайды;
- **4. «МЕННЕН ТЫСҚАРЫ ӨМІР ЖОҚ»,** - дейді.;
- **5. «МЕН» - ЕҢ ЖОҒАРЫ СУБСТАНЦИЯ;**
- **6. «МЕН» диалектикалық схема** бойынша дамиды:
- **«ТЕЗИС – АНТИТЕЗИС – СИНТЕЗ».**
- **7. АБСОЛЮТТІК «МЕН» ӨЗ–ӨЗІН ТУДЫРАДЫ («Мен» Менді тудырады);**
- 8. «МЕН» «МЕН-ЕМЕСТІ» (қоршаған ортаны) ТУДЫРАДЫ (антитезис);**
- 9. «МЕН-АДАМ» мен «АБСОЛЮТТІК МЕННІҢ» ішіндегі «МЕН-ЕМЕСПЕН»** қарым-қатынас екі түрлі болады:
- **практикалық («Меннен» - «Мен-емеске»);**
- **теоретикалық («Мен-еместен» - «Менге»).**

4. Ф. ШЕЛЛИНГТІҢ ТАБИҒАТ ФИЛОСОФИЯСЫ

• **ФРИДРИХ ШЕЛЛИНГ** (1775-1854 жж.) – классикалық объективтік идеализмнің өкілі. Шеллинг – **табиғат философиясы** - табиғат диалектикасы деп қарастырылатын түсінікке өте жақын келген оқымысты.

Ф.ШЕЛЛИНГ философиясының мақсаты — **«АБСОЛЮТТІК»** ұғымын талдау, немесе **болмыс** пен **ойлаудың** бастамасын табу.

Шеллинг философиясы үш кезеңге бөлінеді:

**1. НАТУРФИЛОСОФИЯ; 2. ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ;
3. ИРРАЦИОНАЛИЗМ.**

• Табиғатты іштей бірлікте болатын, **органикалық және бейорганикалық материялардың** эволюциялық дамуынан тұратын **динамикалық үдеріс** есебінде танып, оны парасаттың санасыз өмірінің түрі ретінде пайымдаған ол диалектиканы идеалистік негізде қарастырады. Шеллинг табиғаттың философиялық мәнін ашпақшы болған жаратылыстану ғылымдарын философиямен байланыстырған Б.Спиноза пікірінен өзгеше, табиғатты субстанция деп қарастыратын натурфилософиялық ағымды дүниеге әкелді. Егер Спиноза табиғат туралы сұрақтарды материалистік тұрғыдан шешсе, Шеллинг идеалист болды.

• Оның ойынша, **табиғат денелері – қарама-қарсы бағытталған күштердің өзара әсерлерінің жемісі** (тартылыс пен тебіліс, электрдің оң және теріс зарядтары, магниттің полюстері т.б.). **Қарама-қарсылық, екіге бөлінушілік, сонымен қатар қарама-қарсылықтардың бірлігі табиғаттың әмбебап заңы** болады.

ФРИДРИХ ШЕЛЛИНГ



4. Ф. ШЕЛЛИНГТІҢ ТАБИҒАТ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Табиғат құбылыстарын жете зерттеген Шеллинг диалектиканың келесі қарама-қарсы бастауларын: қажеттілік пен кездейсоқтық, бүтін мен бөлшек, ішкі және сыртқы, шектеулі және шексіздік мәселелерін ашады. Эволюциялық үдерістер туралы механикалық түсініктерді жетілдіріп, **дамудың жаңа сапасы негізінде** пайда болатынын, **мөлшерлік, сандық өзгерістердің жаңа сапаға** алып келетінін көрсетті.
- Шеллинг **«Трансцендентальді идеализм»** жүйесінде табиғат философиясын рухтың таным теориясымен байланыстырды, субъекті мен объектінің арасындағы диалектикалық байланысты ашуды көздеді.
- Осы еңбегінде таным теориясының тарихи әдістемесін негіздеп, *«Философияны әр түрлі дәуірдің басынан кешірген сана-сезімінің тарихы»* ретінде қарастырып, осы тарихи жолды логикалық түрде көрсетіп берді. *«Табиғат – өзінің құпиясын гажайып мәтіндермен жазып, бізден жасырынған поэма, оның жұмбағын ашатын болсақ, одан үнемі адасып, өзін-өзі іздеп, өзінен-өзі қашып жүрген рух одиссеясын көрер едік. Ол сезімдік дүние арқылы қалың, қою тұманнан жылт ете түсіп, асыл сөздің мағынасы сияқты, қиялға айналған, біздің үнемі ұмтылатын белгісізіміздің бейнесі тәрізді көрінер еді»* (Шеллинг Ф.).
- Рух одиссеясын қарастыра отырып, Шеллинг ойды алғашқы түйсіктерден туындатады, сондықтан рух туралы ілім қоғамның дамуынан, оның тарихынан шықпайды. **Табиғаттың ішкі қозғаушы күші**, қарама-қарсылықтарды тудырушы **парасат** бізге даму үдерісі арқылы көрінеді. Парасаттың дамуы бастапқыда объективті санасыз, кездейсоқ қалыптан басталып, бірте-бірте саналылыққа, субъектілікке, қажеттілікке ұштасады.

4. Ф. ШЕЛЛИНГТІҢ ТАБИҒАТ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Даму үдерісінде заттарды, әр түрлі құбылыстарды жаратқан табиғат өзі-өзін бірден түсінбейді. Даму үдерісі өзінің жоғарғы дәрежесіне жетіп, адам парасатын тудырғанда ғана табиғат, бір жағынан, – объект, екінші жағынан, – сананың дүниеге келуіне байланысты, – субъект болып қалыптасады, көзге түседі.
- Шеллинг тарихты өткен дәуірді таным теориясы арқылы зерттеу, яғни даму үдерісі – таным үдерісі деп біледі. Егер бастапқы табиғат санасыздықтан-саналылыққа, объективтіліктен-субъективтілікке өтсе, таным үдерісі, керісінше, саналылықтан-санасыздыққа, субъектіден-объектіге қарай бағыттталып, өзінің өткен уақытына шолу жасайды. Яғни, адамның қалыптасқан, өмір сүріп отырған қоғамының өткен тарихына көз жүгіртеді. Осының арқасында, парасат санасыздық пен саналылықтың, объекті мен субъектінің теңдігін ажыратып, шығармашылық дәрежеге көтеріледі.
- Шеллинг философиялық жүйесі – натурфилософия мен трансцендентальді идеализмнің бірлігі .

Қорыта айтқанда, Ф.Шеллинг :

1. Бұрыңғы ТАБИҒАТ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫН (Фихтенің «Мен емес» , Спинозаның субстанция) терістеді.
2. ТАБИҒАТ дегеніміз «АБСОЛЮТТІК» нәрсе – барлық заттардың бастамасы;
3. Табиғат СУБЪЕКТИВТІК пен ОБЪЕКТИВТІЛІКТІҢ бірлігі;
4. МАТЕРИЯ мен РУХ бір нәрсе және олар табиғаттың қасиеттері болып табылады;
5. Табиғат – ол БҮТІН ОРГАНИЗМ және ТІРІ НӘРСЕ.
(тірі және тірі емес табиғат, материя, поле, электр жүйесі, жарық);

6. Л. ФЕЙЕРБАХТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМІ

- **ЛЮДВИГ ФЕЙЕРБАХ** (1804-1872 жж.) – неміс классикалық философиясының **соңғы өкілі, антропологиялық материализмнің** негізін салушы.
- Басты еңбегі – **«Христиан дінінің мәні»**.

Л.Фейербах философиясының мақсаты — Неміс классикалық идеализмін – Г.Гегельді сынау және АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМДІ қалыптастыру. Яғни табиғаттың төл перзенті адам – оның философиясының негізгі субъектісі.

Демек, **объекті мен субъекті** мәселесі **табиғат пен адам** арасындағы қарым-қатынас арқылы қарастырылады. **Танымның** негізгі мәселесі адамдар арасындағы қатынаспен байланысты, демек **танымның объектісі – тек қана табиғат емес, адамның өзі де.** «Мен» бір жағынан объекті болса, екінші жағынан субъекті де» деп, ол таным үдерісіндегі қоғамдық қатынастарды, адам мен адам арасындағы байланысты анықтады. Өзінің философиялық кұрылымын **«жаңа философия»**, «болашақтың философиясы» атаған Фейербах тек қана **адамның ойлай алатынын, адамнан тысқары әлемде ешқандай құдайлық парасат өмір сүрмейтінін**, бұған барлық жаратылыстану ғылымдарының деректері мысал бола алатынын айтады.

- **Философияның негізгі сұрағын материалистік тұрғыдан шеше отырып, ол ғаламды танып-білуге болатынына** сенеді. Фейербах – **сенсуализмнің жақтаушысы, агностицизмнің қарсыласы.** Гегельдің ойлау мен болмыстың тепе-теңдігі туралы ойын материалистік негізде шешуге ұмтылып, адамның болмысын шынайы өмір сүретін объективті ақиқат деп қарады. Ол табиғатты барлық ғылымның, адамның шығу тегі деп есептеді.

ЛЮДВИГ ФЕЙЕРБАХ



6. Л. ФЕЙЕРБАХТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМІ

- «Біз адам болмысын ойлау үдерісі арқылы анықтаймыз, демек, ойлау мен болмыстың өзара диалектикалық байланысы бар». Фейербах болмысқа осындай анықтама бере отырып, оның ойлаудан тыс өмір сүретіндігін көрсетеді, **шындықтың субстраты материя** екендігін анықтап, нақтылайды.
- XVII-XVIII ғғ. материалист ойшылдары **материяны субстанция** ұғымы арқылы анықтаса, Фейербах оған **сезімдіктің парасаттық негізі** деп қарады. «*Материя болмаса, біздің парасатымыз ешқандай сезімдікке, әсерге ие бола алмайды, яғни ойда ешқандай мазмұн жоқ. Демек, материяны жоққа шығару парасатты да жоққа шығарумен бірдей. Материяның негізгі өмір сүру формалары – уақыт пен кеңістік*», – деп, Фейербах олардың объективтілігін көрсетті.

Л.Фейербахтың **АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМІ:**

1. Дүниедегі жалғыз реалдылық – **адам мен табиғат** қана;
2. Адам – **табиғаттың бір бөлігі**;
3. Адам – **материалдылық пен руханилықтың бірлігі**;
4. Адам – **философияның басты зерттеу мақсаты**;
5. **Идея өз бетімен емес, адам санасында ғана өмір сүреді**;
6. **Құдай – адам ойының нәтижесі**;
7. **Табиғат (материя) мәңгілік және шексіз, ешкіммен де жасалмаған**;
8. **Бізді қоршаған дүние (заттар, құбылыстар), - материяның әртүрлі көріністері.**

6. Л. ФЕЙЕРБАХТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМІ

- Фейербах **дін мәселелерінің** танымдық, саяси-әлеуметтік мәнін ашуға ұмтылды.

1. Құдайдың өз бетімен өмір сүретін реалдылық ретінде жоқ екендігі;

2. Құдай – адам санасының туындысы;

3. Дін - мифологиялық-фантастикалық идеология (ойдан шығарылған).

Фейербах **дінді** адамның ойлау қабілетімен байланыстырды. Оның ойынша, адам дүние, ғалам, табиғат, әлем туралы, олардың қайдан пайда болғанын шеше алмай, діни ұғым, тұжырымдарға келді. Демек, **дін – дүниетанымдық көзқарас**, ол адамдардың дүние туралы теріс пікірлерінің, оны тани алмай, ғылымнан тыс жолға түскендігінің айғағы.

- Фейербах діннің шығуын адамдардың сезімімен тығыз байланысты деп көрсетеді. Өзін қоршаған ортаның тылсым күштерін түсіне алмаған адам қорқынышқа душар болып, өмірдің қиыншылықтары адам басына әр түрлі ауыртпалық әкеледі. *Қайыршылық, аштық, жалаңаштық жайлаған жерде діннің дүниеге келуіне мүмкіндік туады*, адамның сезімі шегіне жетіп, **шарасыздық жайлаған кезде**, оған **дін «көмекке» келеді**. Сөйтіп, сезім, әсіресе, сенім, үміт пен сүйіспеншілік діннің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

- Фейербах **дін** мен **адамгершілік** мәселелерін талдағанда, адамдар арасындағы сүйіспеншілік болатындығын айтып, **сүйіспеншілікті ғана білдіретін**, яғни құдайсыз дін жасауға ұмтылды. Ал адамгершілік адамдардың арасындағы әлеуметтік қатынастармен байланысты болмай, жалаң анықталып, барлық адамға тән сезім ретінде қарастырылды.

Фейербах материализмінің тар өрістілігі оның **адамның мәнін тек антропология ғылымымен анықталуында**, деп санауы.

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

- **Классикалық неміс философиясы туралы түпнұсқаларға жазбаша және ауызша анализ жасаңыз.**

- **1. И. Кант**

- «Платон (сезушілікті) сезімді түсіну әлемін тастап кетті, өйткені бұл әлем ақылға тар рамкаларды қояды және ол таза ақылдың бос кеністігіне, оның шегіне ой қанаты көмегімен жетуге бел байлады».

- **Г. Гегель**

- Заман да, оның философиясы да бір бағытта қозғалады...
- Әрбір философиялық жүйе қажетті түрде өмір сүрді және қазір де қажетті түрде өмір сүруді жалғастырып келеді: олардың ешқайсысы жоғалып кеткен жоқ, олардың бәрі бір біртұтастың сәттері ретінде философияда сақталды... Принциптер сақталды, жаңа философия осыған дейінгі принциптердің нәтижесі, осылайша философиялық жүйелердің бір де бірі жоққа шығарылған жоқ, жоққа шығарылған осы принцип соңғы абсолюттік анықтама деген болжам ғана...
- Мұндай жоққа шығару дамудың барлық процестерінде кездеседі. Ағаштың дамуы – дәнді жоққа шығару, гүлдер жапырақтарды жоққа шығарады және жапырақтар ағаштың ең жоғарғы, ақиқат өмір сүруі емес екендігін көрсетеді; ең соңында гүлді жеміс жоққа шығарады. Бірақ соңғысы оған дейінгі сатылар болмаған жағдайда өмір сүру мүмкіндігін ала алмайды.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

•Негізгі:

- 1. Сәрсенова, Ж. Н. Әлеуметтану: ЖОО студ. арналған оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт, 2013. - 201 б.
- 2. Абдирайымова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.-224 б.
- 3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер.-Алматы: Эверо, 2011.-284 б.
- 4. Абдикерова Г.О. Әлеуметтану.-Алматы: Қазақ университеті, 2011.-192 б.
- 5. Биекенов Б.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен баламалар.- Алматы: Эверо, 2011.-400 б.
- 6. Әженов М.С., Садырова М.С., Омарова А. Білім социологиясы. Оқулық. - Алматы: Эверо, 2011.-124 б.
- 7. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.Алматы: Нұр-Принт, 2010.-238 б.
- 8. Абсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
- 9. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2010.-240 б.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

• Қосымша әдебиеттер:

- **1. Акбаева Л.Н. Социология: Учебное пособие.- Алматы: КазГАСА, 2015.-242 с.**
- **2. Габдуллина К.Г. и другие. Социология. Учебник для студентов высших технических учебных заведений. – Алматы: Санат, 2007.**
- **3. Әлеуметтану. 2-кітап/ Жалпы ред. М.М.Тажин.-Алматы, 2005.-268 б.**
- **4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2004.-640 б.**
- **5. Дакенов Н. Абсаттаров Р.Б. Социология. – Алматы: Ғылым, 2004.**

• Электрондық басылымдар:

- **1. Акбаева Л.Н. Әлеуметтану: Электрондық оқулық. – Алматы: ҚазБСҚА, 2012-144 б.**
- **2. Акбаева Л.Н. Социология: Электронный учебник, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.**
- **3. Интернет ресурстары: www.sociology.ru**